

ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАҢА ТАЛАПТАР



ЕРЖАН ӘНУАР,

Құқық қорғау органдары академиясы Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, аға әділет кеңесшісі.

Қазіргі уақытта Еуропа елдерінде прокуратураның екі негізгі моделі қалыптасқан. Бірінші жағдайда прокуратура - қылмыстық құдалау және айыптау органы, ал екінші жағдайда - негізінен заңдылықты қадағалау органы болып табылады.

Бұл әр елдің құқықтық жүйесі мен мемлекеттік механизм құрылымының ерекшеліктеріне сәйкес болып табылады.

Прокуратура функциясының бірінші моделіне сәйкес қылмыстық іс-әрекеттер жасаған адамдарды қылмыстық құдалау, сотта көпшілік алдында айыптауды қолдау, алдын ала тергеу органдары мен анықтау, бас бостандығынан айыру орындары қызметінің заңдылығын қадағалау басты бағыт болып табылады.

Екінші модельге сәйкес прокуратура көп функциялы орган және оның басым функциясы қадағалау болып табылады.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер де прокуратура органдары қызметінің түрлі модельдерін таңдаған.

Төрт елдің (Әзірбайжан, Армения, Грузия және Молдова) заң шығарушылары прокуратураның бірінші нұсқасына тоқталды. Сегіз мемлекетте – Ресей, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Украинада заңдардың орындалуын (сақталуын) қадағалау (жалпы қадағалау) функциясы басым болып қала береді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жүйесінде прокуратура органдары ерекше орын алады. Конституцияда көзделген үш билік тармағының әрқайсысына функционалдық қатынастары бола отырып, соған қарамастан олардың ешқайсысына да толық жатпайды. Конституцияға сай Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау прокуратура органдарына жүктелетінін ерекше атап өткен жөн. Мемлекеттік құрылымдағы прокуратураның бұл нақты жағдайы билік тармақтарын теңестіруге және олардың оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар прокуратураның негізгі қызметі прокурорлық қадағалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес азаматтардың мүдделері мен құқықтарын қорғауға уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметімен ғана емес, прокуратурамен де кепілдік берілетін болады. Бұл ретте мемлекеттің осы саладағы құқықтық саясаты проку-

ратураның елдің құқық қорғау жүйесінің өзегі ретінде оның барлық Конституциялық функцияларын пайдалана отырып, тікелей үйлестіруі арқылы іске асырылатын болады.

Осылайша, прокуратура ұлттық құқықты дамытудың басым бағыттарын айқындайтын бағдарламалық құжатта құқық қорғау жүйесінің өзегі болып айқындалды.

Өзінің құқықтық мәртебесіне байланысты жоғары қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан прокуратурасы қазіргі уақытта оның қалған қатысушыларының дербестігін шектемей, олардың құқықтары мен өкілеттіктеріне қысым жасамай, бұл ретте барлық құқық қорғау органдарының қызметіндегі заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау органы болып қала отырып, үйлестіруді жүзеге асыруға қабілетті жалғыз орган болып табылады.

Бұл прокуратура органдарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабында сотта мемлекеттің мүдделерін білдіретін және қылмыстық құдалауды жүзеге асыратын мемлекеттің атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асыратын орган ретінде айқындалған мемлекеттік басқару жүйесіндегі орнымен байланысты.

Прокуратураның қазіргі құқықтық мәртебесі, оның міндеттері мен функциялары «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған. Оның негізінде Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидатты ережелері жатыр. «Прокуратура туралы» Заң оның қызметін құқықтың демократиялық қағидаттарға, заңның үстемдігін жан-жақты нығайтуға, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға сай реттейді.

Прокуратураның жоғары қадағалауы мемлекет, яғни Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады. Бұл ереженің маңыздылығы прокуратура өз өкілеттігін заңдылық, басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру қағидаттарында жүзеге асыратындығында.

Мемлекет атынан жоғары қадағалауды жүзеге асыра

отырып, заңнамада белгіленген шектерде келесі міндеттерді жүзеге асырады:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру;

2) заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтау және жою;

3) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

4) заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттер болып табылады.

Сонымен қатар, көп жылдық талдаулардың, шет елдердің құқық қолдану мониторингінің, содан кейін оларды елдің іс жүргізу нормаларына кезең-кезеңімен іс жүзінде енгізудің нәтижесі ретінде прокуратура органдарының қылмыстық процестегі орнын нығайтуға үлкен көңіл бөлініп отыр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (әрі қарай – ҚПК) соңғы реформалары нәтижесінде халықаралық қағидаттарды сіңіру қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын едәуір кеңейте отырып, тараптардың бәсекеге қабілеттілігін, кәсіби адвокаттық қорғау саласын дамытуға мүмкіндік берді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы жаңа құқықтық мүмкіндіктер сот бақылауына берілді.

Азаматтарды алдын ала ұстау мерзімдерін 48 сағатқа дейін төмендетуге мүмкіндік берген нормалар жаңғыртылды. Адам құқықтарын шектеуге байланысты барлық мәселелер соттың құзыретіне берілді. Сотқа дейінгі іс жүргізуді оңайлатуға тиісті шаралар қабылданды, бұйрықтық іс жүргізу институты енгізілді, сот ісін жүргізудің электрондық форматқа кезең-кезеңмен көшуі басталды.

Бас прокуратурамен құқық қорғау органдарының қылмыстарға қарсы күрес жөніндегі өзара іс-қимылын, сондай-ақ жүргізіліп жатқан реформаларды іске асыру жөніндегі келісілген іс-қимылдарды үйлестіру жалғасуда.

Құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктер мен жауапкершілік аймақтарын бөле отырып, қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу нәтижелері, сондай-ақ оны жетілдіру жөніндегі шаралар үнемі Үйлестіру кеңесінің назарында.

Үйлестіру кеңесінің мүшелері жаңа модельдің бірінші кезеңін іске асырудың оң әсерін және қылмыстық процестегі заңдылықтың жай-күйін көрсететін индикаторлардың жақсарғанын атап өтті.

2021 жылдың қорытындысымен процессуалдық шешімдердің келісімі түріндегі прокурорлық сүзгі күдікті адамдардың да, жәбірленушілердің де құқықтарын қозғайтын 50 мыңнан астам бұзушылықтың жолын кесуге мүмкіндік берді.

Әрбір 7 қылмыстық істің заңсыз тоқтатылуы (147 878 істің 20 545-і) және әрбір 4 істің үзілуі (109 401 істің 24 818-і) тоқтатылды.

4 494 адамды қылмыстық орбитаға негізсіз тартуға жол берілген жоқ (күдікті деп тану туралы 2 074 шешімді келісуден, іс-әрекетті саралау туралы 1 275 шешімді келісуден, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық туралы 1 069 хаттаманы және 76 бұйрықтық іс жүргізуді бекітуден бас тарту жолымен).

Бұзушылықтарды жою, тергеу органдары мен прокурорлардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне сотқа шағымдану үшін сот қайтарған істер саны 13% - ға (3 858-ден 3 322-ге дейін), оның ішінде қанағаттандырылғандар 40% - ға (1 147-ден 678-ге дейін) қысқарды.

Үйлестіру кеңесі отырысының қорытындысы бойынша тергеу органдарына қылмыстық орбитаға тартылған адамдардың құқықтарын сақтау кепілдіктерін күшейтуге, іс жүргізу шешімдерінің сапасы мен уақтылы шығарылуына тиісті ведомстволық бақылауды қамтамасыз етуге баса назар аударып, үш буынды модельге көшуді қамтамасыз ету үшін қосымша ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қабылдау тапсырылды.

Сонымен қатар, Бас прокуратураның кеңейтілген алқа отырысында Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар басшыларының қатысуымен қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталу жағдайы қаралды.

Соңғы жылдары 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейін қылмыстың 2,5 есе (386-дан 163 мыңға дейін) төмендеуі, қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарының бұзылуы 5 есе (209-дан 1017-ге дейін) төмендегенін атап өткен жөн.

Оң динамика тек 2021 жылы, прокурорлардың тергеушілердің негізгі шешімдерін келісу рәсімі енгізілгеннен кейін байқалды.

Мемлекет басшысы өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында – «Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысушыларды қорғау күшейді. Осы жылдың басынан бері екі мыңнан астам азаматты қылмыстық жауапқа негізсіз тартуға жол берілген жоқ.

Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін біртіндеп кеңейте беру қажет. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады», – деп атап өтті.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін прокуратура мен тергеу органдары арасында өкілеттіктер мен жауапкершілік аймақтарын бөлу жұмысы жалғасуда. Прокуратура жұмысының маңыздылығы арттырылуда. Ол үшін құқықтық жағдайлар жасалған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы прокуратура органдары қызметіне жаңа серпін берді.

Жолдауға сай азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсарту мақсатында Бас Прокурорға Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін беру қарастырылған.

Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным қалыптастыру мақсатында осы салаға уәкілетті орган ретінде Бас прокуратура ұсынылды. Бұл тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы бассыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендерге қатысты құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың орынды, немесе орынсыздығын анықтау да Бас прокуратураға тапсырылды.

Сонымен қатар, Жолдауда заңдылықты арттыру және құқық қорғау қызметін жүйелі түрде күшейту үшін ел Президенті «Прокуратура туралы» Конституциялық заң қабылдауды тапсырғанын ескерген жөн.

Конституциялық заңның қабылдануы прокуратура органдарының құқық қорғау қызметін күшейтіп және оның мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі мәртебесін арттыруға өз үлесін қосып, әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін.